



WARRANTY

Кепілдік

YEARS

2

ЖЫЛ

МИНИ-ВЕЛОЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ

B-005

ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

WWW.TORNEOSPORT.COM

EVER PROOF

EXA MOTION



Мазмұны

1.	Қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат.....	4
2.	Жаттығу құрылғысының егжей-тегжейлі сұлбасы.....	5
3.	Жаттығу құрылғысын құрастыру.....	5
4.	Консольді пайдалану.....	6
5.	Техникалық қызмет көрсету	7
6.	Техникалық сипаттамалары.....	7

Құрметті сатып алушы!

Бұйымды сатып алғаныңыз құтты болсын!

Заманауи технологиялар қолданылған TORNEO B-005 мини-веложаттығу құрылғысы ойластырылған дизайнға ие. Бұл жаттығу құрылғысымен жайлы үй жағдайында жаттығу физикалық күй мен жүрек-қантамыр жүйесін жақсартуға көмектеседі.

TORNEO-мен спортпен айналысу сізге ұнайтынына сенімдіміз!



Назар аударыңыз:

Жаттығу құрылғысын пайдалануды бастамас бұрын, осы нұсқаулықты оқып шығып, оны кейін қолдану үшін сақтап қойыңыз. Бұл жаттығу құрылғысын тез теңшеп, оны дұрыс әрі қауіпсіз пайдалануға көмектеседі. Нұсқаулықты кейін анықтама ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.



Назар аударыңыз:

Жаттығуды бастамас бұрын толық медициналық тексеруден өту қатаң түрде кеңес беріледі, әсіресе, егер жоғары қан қысымына немесе жүрек-қантамыр жүйесіне қатысты ауруларға генетикалық бейімділігіңіз болса, жасыңыз 45-тен асқан болса, темекі шегетін болсаңыз, сізде холестерин деңгейі жоғары болса, артық салмағыңыз болса немесе былтырдан бері тұрақты түрде спортпен айналыспаған болсаңыз.

Егер жаттығу барысында әлсіздік, бас айналу, енгігу немесе ауру белгілерін сезінсеңіз, жаттығуды дереу тоқтатыңыз.

Жаттығу құрылғысының сапасы мен толықтығы туралы сұрақтар бойынша мамандандырылған сатушыға хабарласыңыз.

1. Қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат

Біздің өнімді таңдағаныңызға рақмет!


Сіздің денсаулығыңыз бен қауіпсіздігіңізді сақтау үшін жаттығу құрылғысын дұрыс пайдаланыңыз. Жаттығу құрылғысын құрастыру және пайдалану алдында осы нұсқаулықты толығымен оқып шығу маңызды.

Жаттығу құрылғысы дұрыс құрастырылғанда және оны пайдалану техникасымен таныс болған жағдайда ғана оны пайдалану тиімді және қауіпсіз болады. Барлық пайдаланушылардың жаттығу құрылғысының барлық ережелері мен сақтық шаралары, сондай-ақ құрылғыны пайдалану кезінде туындауы мүмкін қауіптер туралы хабардар болуы — сіздің жауапкершілігіңіз.

1. Жаттығу құрылғысын қолданар алдында денсаулығыңыз бен қауіпсіздігіңізге нұқсан келтіретін немесе жаттығу құрылғысын дұрыс пайдалануға кедергі болатын медициналық немесе физиологиялық шектеулердің бар-жоғын анықтау үшін физиотерапевтпен кеңесу керек. Физиотерапевт ұсынымдары жүрек соғу жиілігіне, қан қысымына немесе холестерин деңгейіне әсер ететін кез келген дәрілерді қабылдасаңыз, әсіресе маңызды болады.
2. Өз денеңіздің сигналдарын тыңдаңыз. Дұрыс емес немесе шамадан тыс жаттығу денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Келесі белгілердің кез келгенін байқасаңыз, жаттығуды тоқтатыңыз: ауырсыну, кеуде қуысының қысылуы, жүрек соғысының біркелкі болмауы, қатты тыныс алу, бас айналу, жүрек айну. Егер сіз осы белгілердің кез келгенін үнемі сезінсеңіз, жаттығуды жалғастырмас бұрын физиотерапевтпен кеңесу керек.
3. Балалар мен үй жануарларын жаттығу құрылғысынан алыс ұстаңыз. Бұл жаттығу құрылғысы тек ересектерге арналған.
4. Жаттығу құрылғысын қосымша еден немесе кілем жабыны бар қатты, тегіс жерде пайдаланыңыз. Қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін бос орынды жаттығу құрылғысынан 60 см радиуста сақтау керек.
5. Аспапты қолданар алдында барлық сомындар мен бұрандардың мықтап қатайтылғанына көз жеткізіңіз. Пайдалану қауіпсіздігінің қажетті деңгейіне тек барлық қосылымдарды жүйелі түрде тексеріп, құрылғының зақымдануы мен тозуын тексеру арқылы қол жеткізуге болады.
6. Жаттығу құрылғысының барлық қозғалатын бөліктерін ай сайын майлау ұсынылады.

7. Жаттығу құрылғысын әрқашан нұсқаулықта сипатталғандай пайдаланыңыз. Жабдықты құрастыру немесе тексеру кезінде зақымдалған бөлшектерді тапсаңыз немесе жаттығу құрылғысын пайдалану кезінде әдеттен тыс шуды естісеңіз, жаттығу құрылғысын пайдалануды дереу тоқтатыңыз және мәселе толығымен жойылмайынша қолданбаңыз.
8. Жаттығуға жарамды киім киіңіз. Құрылғыда шатасып қалуы мүмкін кең киім киюден аулақ болыңыз.
9. Жаттығу құрылғысының қозғалатын бөліктеріне саусақтарыңызды немесе заттарды салмаңыз.
10. Бұл жаттығу құрылғысында пайдаланушының максималды салмағы – 100 кг.
11. Бұл жабдық емдік мақсатта қолдануға арналмаған.
12. Жаттығу құрылғысын абайлап жылжытыңыз және көтеріңіз. Ауыр затты көтеру техникасын қолданыңыз және қажет болған жағдайда біреуден көмек сұраңыз.
13. Бұл жаттығу құрылғысы тек үйде пайдалануға арналған және коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналған!

2. Жаттығу құрылғысының егжей-тегжейлі сұлбасы



№	Бөлшек	Саны, д.
1	Негізгі қаңқа	1
2	Алдыңғы құбыр	1
3	Алдыңғы аяқ	1
4	Артқы аяқ	1
5	Сол жақ педаль	1
6	Оң жақ педаль	1
7	Қапталдық бітеуіш	4
8	Пластик бітеуіш	2
9	Консоль	1
10	Бұран, М8×50	6
11	Иілген тығырық М8	6
12	Қалпақшалы сомын, М8	6

3. Жаттығу құрылғысын құрастыру




Назар аударыңыз!

Жұмысты бастамас бұрын барлық жиынтықтауыштардың бар-жоғын мұқият тексеріп, олардың жақсы күйде екеніне көз жеткізіңіз. Жаттығуды бастамас бұрын жаттығу құрылғысын тегіс қатты бетке қойыңыз.

1-ҚАДАМ


Негізгі жақтауды (1) қораптан шығарып, оны тегіс жерге қойыңыз.

Негізгі жақтауды (1) және алдыңғы құбырды (2) жалғаңыз және қосылымды бұрандармен (10), қисық тығырықтармен (11) және сомындармен (12) бекітіңіз. Қосылымды кілтпен қатайтыңыз.




2-ҚАДАМ

Алдыңғы (3) және артқы (4) аяқтарды негізгі жақтауға салыңыз, қосылымды бұранмен (10), сомынмен (12) және қысық тығырықпен (11) бекітіңіз және кілтпен қатайтыңыз.



3-ҚАДАМ


Консольді (9) консоль ұстағышына орнатыңыз және сымдағы ағытпаны жақтаудағы ағытпаға жалғаңыз.



4-ҚАДАМ

Сол (5) және оң жақ (6) педальдарды орнатып, кілтпен бекітіңіз.

Құрастыру аяқталды!



4. Консольді пайдалану

Сипаттамалары

Дисплейдегі белгі	Индикация
УАҚЫТ	00:00–99:59 минут
ЕСЕП	0–9999
ККАЛ	0–9999 ККАЛ
АЙН/МИН	0–9999



Авто қосу/өшіру

Сенсор педаль тебуді бастау сигналын алған кезде жүйе автоматты түрде іске қосылады.

Егер сенсор педальды жүктеу сигналын қабылдаса немесе 4 минут бойы ешбір батырма басылмаса, жүйе автоматты түрде өшеді.

Негізгі функциялар

1. РЕЖИМ — бұл батырма сізге қажетті жұмыс режимін таңдауға және түзетуге мүмкіндік береді.
 2. ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ — жүйені батареяларды шығарып, қайта салу арқылы немесе РЕЖИМбатырмасын 3–4 секунд басу арқылы қалпына келтіруге болады.
 3. ЕСЕП — жаттығудың басында автоматты түрде санауды бастайды.
 4. УАҚЫТ — көрсеткі Уақыттың ЖАНЫНДА тоқтағанша Режим БАТЫРМАСЫНбасыңыз. Жаттығуды бастағанда уақыттың кері санағы басталады.
 5. ККАЛ — көрсеткі ККАЛ жазуына ҚАРАМА-ҚАРСЫ ЖЕРДЕ ТОҚТАҒАНША Режим батырмасын басыңыз. Жаттығуды бастағаннан кейін күйдірілген калориялар туралы ақпарат экранда көрсетіледі.
 6. АЙН/МИН — жаттығу кезінде ағымдағы жылдамдықты көрсетеді.
 7. СКАН — ағымдағы көрсеткіштерді көрсетеді және келесі ретпен әрбір 4 секунд сайын келесіге автоматты түрде ауысады:
- УАҚЫТ — ККАЛ — АЙН/МИН

Ескерту:

4–5 минутта әрекет болмаса, экран автоматты түрде өшеді. Жаттығуды бастаған кезде экран автоматты түрде қосылады. Экран дұрыс емес ақпаратты көрсетсе, экранның жұмысын қалпына келтіру үшін қуат беру элементтерін жаңасымен ауыстырыңыз. Консоль қуат беру үшін 1 АА 1,5 В батареясын пайдаланады.

Ескерту:

Жаттығу құрылғысын пайдаланған кезде орындықты бөлмедегі басқа заттардан 1 метр қашықтықта орналастырыңыз.

5. Техникалық қызмет көрсету



Маңызды:

Жаттығу құрылғысы дұрыс құрастырылғанда және оны пайдалану техникасымен таныс болған жағдайда ғана оны пайдалану тиімді және қауіпсіз болады. Жаттығу құрылғысының жағдайын өзіңіз бақылауыңыз керек.

Кез келген зақымдалған немесе тозған бөліктерді жаттығуды бастамас бұрын ауыстыру керек. Жаттығу құрылғысын тек үй ішінде пайдалану керек. Әртүрлі ауа райы жағдайларының ұзақ уақыт әсер етуі, температура мен ылғалдылық деңгейінің өзгеруі жаттығу құрылғысының электр компоненттерінің немесе қозғалатын элементтерінің жұмысына әсер етуі мүмкін.

Күнделікті техникалық қызмет көрсету:

- Қолданғаннан кейін жаттығу құрылғысының бетінен тер мен ылғалды кетіріңіз.
- Жаттығу құрылғысының барлық бұрандалы қосылымдарын және олардың тар-тылу деңгейін, әсіресе қозғалатын конструкция элементтері бекітілген жерлерде тексеріңіз.
- Жаттығу құрылғысының қозғалатын элементтері мен бөліктерінің қозғалғыштығын тексеріп, қажет болған жағдайда оларды майлаңыз.
- Жаттығу құрылғысының пластик бөліктерін дымқыл шүберекпен, ал металл бөліктерін құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Тазартқыш құралдарды қолданбаңыз.

Апта сайынғы техникалық қызмет көрсету:

- Жаттығу құрылғысының барлық элементтерін–бұрандарды, сомындарды және қозғалатын бөлшектерді мұқият тексеріңіз, мысалы: айналмалы элементтер, орындық және арқа жастықтары, тіреуіш арқалық және т.б. Қажет болса элементтерді қатайтыңыз немесе ауыстырыңыз.

Ай сайынғы техникалық қызмет көрсету:

- Жақтауды және ішкі бөлшектерді тозуға және ықтимал зақымдануға мұқият тексеріңіз. Қажет болса, қызмет көрсетіңіз немесе ауыстырыңыз.

6. Техникалық сипаттамалары

Жүктеу жүйесі	Магнитті
Өлшемдері (Ұ×Е×Б)	70,5 x 37 x 41 см
Жалпы салмағы	8,7 кг
Жүктемені реттеу	Иә
Жүктеме деңгейлерінің саны	8
Максималды пайдаланушы салмағы	100 кг
Жаттығу компьютері	Уақыт, есеп, калория, айн/мин
Кепілдік	2 жыл



ТИІМДІЛІК ПЕН ЖАЙЛЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ



Күшейтілген берік конструкция

Тозуға төзімді және күшейтілген материалдар жаттығу құрылғысының ұзақ қызмет мерзіміне кепілдік береді.



Төмен шу деңгейі мен қозғалыс жатықтығы

Сермерлер мен моторларды өндірудің арнайы технологиясы. EXA MOTION технологиясы бойынша жасалған сермерлер мен моторлар шу деңгейі төмен жүріс жатықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Қосымша ақпарат

Сауда белгісі: TORNEO

Модель: B-005

Өндірілген күні (айы, жылы) бұйымда көрсетілген.

Қытайда жасалған

Импорттаушы және Дайындаушы уәкілеттік берген ұйым: «Спортмастер Казахстан» ЖШС

Заңды мекенжайы: 117437, Мәскеу қ., Миклухо-Маклай к-сі, 18-үй, 2-корп., 102-бөлме

Анықтама қызметі: 8 495 777-777-1

Бұл тауар Ресей Федерациясының заңнамасының талаптарына сәйкес сатылады.

Кепілдік жөндеу кезінде немесе заңда көзделген өзге де талаптар қойылған кезде тауарды сатып алу күнін растау үшін ілеспе құжаттарды (чек, түбіртек, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар) сақтауыңызды сұраймыз.

Өндіруші тұтынушыға алдын ала хабарлама жібермей, бұйымның жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндіктеріне, соның ішінде аппараттық және бағдарламалық жасақтамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.